

## Қазақстан Республикасында қан құю қызметі мекемелерінің атауын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 28 қазан 1994 ж. N 1211

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Республикалық қан құю станциясының атауы ұстауға көзделген қаражат шеңберінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық қан орталығы болып, облыстық (қалалық) қан құю станциясы - облыстық (қалалық) қан орталығы болып өзгертілсін.

2. Қан орталықтары қызметінің мынадай негізгі бағыттары белгіленсін:

халық арасында донорлықты насихаттау;

консервіленген донор қанын жинау, донорлық плазмофорез бен цитофорез жасау, құрамдас бөліктерін алу, дәрі-дәрмек жасау, қан ұлпаларын мұздату әдісімен консервілеу, сондай-ақ олармен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен номенклатураға сәйкес емдеу мекемелерін қамтамасыз ету;

республиканың қан құю қызметі мекемелері мен өнеркәсіп орындары шығаратын қан консервантының, қан алмастырғыштар мен қаннан жасалатын дәрі-дәрмектердің сапасын бақылау, осы қызмет үшін медициналық техниканың арнайы бұйымдарын қолдану жөнінде нұсқаулар әзірлеу;

клиникалық және өндірістік трансфузиология мәселелері жөніндегі медицина және инженер-техника кадрларын даярлауды ұйымдастыру;

бейбітшілік және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлар

кезінде азаматтық қорғаныстың медициналық қызметі мен жедел медициналық көмек қызметі бойынша арнайы шаралар жоспарлау және өткізу.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:

Республикалық және облыстық (қалалық) қан орталықтары туралы Ережені;

емдеу-сауықтыру мекемелерінде қолданылатын қанның құрамдас бөліктері мен өнімдерінің тізімін бекітсін.

Денсаулық сақтау мекемелерінің номенклатурасына тиісті өзгертулер енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК